

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 13 – 17 шілде

2026 жылғы 13 – 17 шілде

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Аптаның негізгі
оқиғалары және
Макроэкономикалық ахуал,
Негізгі көрсеткіштер

02



Аймақтық көрініс:
АҚШ, Еуропа, Азия және
Дамушы нарықтар

03



Аптаны бақылау: қос
тапшылық аясында пайда
өседі, Алдағы апта және
қорытындылау

Акциялар. Америкалық қор индекстері алдыңғы апталардағы қарқынды өсімнен кейін төмендеді. Негізгі қысым ақпараттық технологиялар мен коммуникациялық қызметтер секторына түсті: инвесторлар жартылай өткізгіштер, жад чиптері және жасанды интеллектке арналған инфрақұрылым өндірушілерінің акциялары бойынша пайданы тіркеді. S&P 500 индексі 1,55%-ға, NASDAQ 2,90%-ға төмендеді, ал Dow Jones іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар VIX қысқамерзімді белгісіздіктің артқанын көрсетіп, 24,88%-ға өсіп, 18,77 жеңгейіне жетті.

Есептілік маусымы жалпы алғанда сәтті басталды. Ірі банктердің қаржылық нәтижелері пайда бойынша нарық болжамдарынан асып түсті. Бейсенбі күнінің соңына қарай есеп жариялаған S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың 87%-дан астамы күтілгеннен жоғары нәтижелер көрсетті. Алайда нарық технологиялық секторға қатысты талаптарды күшейте бастады: TSMC компаниясының күрделі шығын жоспарын ұлғайтуы және Alphabet компаниясының жасанды интеллектке қатысты жаңа моделінің іске қосылуы кейінге шегерілгені туралы хабарлар инвестициялардың құны мен олардың өтелу мерзіміне қатысты алаңдаушылықты арттырды.

Еуропада Euro Stoxx индексі 0,62%-ға төмендесе, FTSE 100 индексі технологиялық компаниялардың үлесі салыстырмалы түрде төлем болғанының арқасында 0,98%-ға өсті. Азияда Nikkei 225 индексі 6,44%-ға, CSI 300 1,72%-ға, ал Hang Seng 1,60%-ға төмендеді. Қазақстанның KASE индексі 0,14%-ға түсіп кеткеніне қарамастан, жыл басынан бергі 9,00%-дық өсімін сақтап қалды.

Облигациялар және кредит нарығы. Инфляциялық деректер қазынашылық облигациялар нарығына уақытша қолдау көрсетті, алайда мұнай бағасының өсуі және ФРЖ саясаты төңірегінде сақталып отырған белгісіздік ұзақмерзімді кірістіліктің жоғары деңгейде қалуына ықпал етті. UST 10Y кірістілігі бір аптада өзгеріссіз қалып, 4,55%-ды құрады, ал UST 30Y кірістілігін 5,07%-ға дейін өсті. Еуропада да кірістілік өсімі жалғасты: Ұлыбританияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 4,95%-ға, Германиянікі 3,12%-ға жетті.

Кредиттік индикаторлар біршама нашарлады. US IG OAS спреді 1,27 базистік тармақтан 116,6 базистік тармаққа дейін, US HY OAS спреді 4,41 базистік тармақтан 305,4 базистік тармаққа дейін кеңейді, CDX IG және CDX HY индекстері де өсті, ал дамушы нарықтардың долларлық облигациялары бойынша спред 5,26 базистік тармаққа көтерілді. Бұл тәуекел үшін сыйлықақының өскенін көрсетеді, бірақ әзірге қаржыландыру шарттарының жүйелі түрде нашарлап жатқанын көрсетпейді.

Валюталар және шикізат тауарлары. Доллар индексі 0,19%-ға төмендеп, 100,77 деңгейіне жетті. EUR/USD бағасы 0,23%-ға өсіп, 1,14-ке жетті, ал USD/JPY бағамы мұнайдың қымбаттауы салдарынан Жапонияның сауда жағдайларының нашарлауы аясында 162,39-ға дейін көтерілді. USD/KZT бағамы 0,70%-ға төмендеп, 470,90 болды, бұл теңгенің нығайғанын білдіреді; жыл басынан бері ұлттық валюта долларға қарағанда 7,19%-ға нығайды.

Brent маркалы мұнай бағасы ұрыс қимылдарының шиеленісуі және Ормуз бұғазы арқылы кеме қатынасы мен мұнай экспортына төнген жаңа қауіптер аясында 15,65%-ға өсіп, барреліне 90,75 долларға жетті. Мұнай бағасының өсуі энергетика секторын қолдағанымен, импорттаушы елдер үшін инфляциялық тәуекелдерді күшейтті. Жоғары нақты кірістілік пен инвесторлардың пайданы тіркеуі геосаяси тәуекелдерге байланысты қорғаныс активтеріне деген сұраныстан басым болғандықтан, алтын 2,51%-ға, ал күміс 6,54%-ға арзандады.

АҚШ-та инфляция күтілгеннен де баяулады. CPI айлық есепте 0,4%-ға төмендеп, 2020 жылғы сәуір айынан бергі ең ірі айлық төмендеуді көрсетті, жылдық инфляция 4,2%-дан 3,5%-ға дейін баяулады. Базалық CPI айлық есепте өзгеріссіз қалып, жылдық мәнде 2,6%-ға дейін төмендеді. PPI айлық есепте 0,3%-ға қысқарса, базалық көрсеткіш небәрі 0,2%-ға өсті. Осы деректер жарияланғаннан кейін шілде айында ФРЖ мөлшерлемесін көтеру ықтималдығы шамамен 14%-ға дейін төмендеді.

Бұл ретте тұтынушылық сұраныс пен еңбек нарығы тұрақтылығын сақтап отыр. Бөлшек сауда көлемі айлық есепте 0,2%-ға, ал жанармай құю станцияларын есептемегенде, 0,7%-ға өсті. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтінімдер 208 мыңға дейін төмендеп, мамыр айының басынан бергі ең төменгі деңгейге жетті. Ал тұрғын үй нарығында әлсіздік белгілері сақталуда: аяқталмаған тұрғын үйді сату көлемі 5,4%-ға қысқарды, ал 30 жылдық ипотекалық кредит бойынша орташа мөлшерлеме 6,55%-ға дейін өсті.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 458	-1,55%	+8,74%
Dow Jones	52 553	-0,16%	+8,62%
NASDAQ	25 520	-2,90%	+9,83%
Euro Stoxx 50	6 231	-0,62%	+6,50%
FTSE 100	10 600	+0,98%	+6,52%
Nikkei 225	64 141	-6,44%	+27,42%
Hang Seng	24 562	+1,60%	-6,74%
KASE	7 664	-0,14%	+9,00%

Актив	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
MSCI World	4 854	+0,06%	+9,57%
MSCI Emerging Markets	1 664	-0,70%	+18,49%
MSCI EAFE	3 132	+0,44%	+8,27%
Brent мұнайы, долл./барр.	90,75	+15,65%	+47,61%
Алтын, долл./унция	4 018	-2,51%	-7,23%
Күміс, долл./унция	55,95	-6,54%	-23,00%
DXU	100,77	-0,19%	+2,38%
USD/KZT	470,90	-0,70%	-7,19%

Кірістілік	20.07.2026	13.07.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,55%	4,56%	-1 б.т.
UST 30Y	5,07%	5,06%	+1 б.т.
UK Gilts 10Y	4,95%	4,87%	+8 б.т.
Germany 10Y	3,12%	3,03%	+9 б.т.
China 10Y	1,73%	1,73%	0 б.т.

АҚШ. Нарық өсу кезеңінен шоғырлану кезеңіне өтті. Банктердің мықты қаржылық нәтижелері тұтынушылық сұраныс пен кредиттік сапаның тұрақтылығын растады. Алайда технологиялық компанияларға қатысты жоғары күтулер есептілікке асимметриялық реакция туғызуда: тіпті жақсы қаржылық нәтижелердің өзі, егер күрделі шығыс немесе жасанды интеллектке салынған инвестициялардың қайтарымы бойынша болжамдар жақсармаса, акциялар бағасының төмендеуімен қатар жүруі мүмкін.

Еуропа. Аймақ жалпы алғанда АҚШ пен Азияның технологиялық нарықтарына қарағанда анағұрлым орнықты болды. Еуроаймақта инфляция жылдық мәнде 2,8%-ға дейін баяулағанымен, ол әлі де ЕОБ-ның мақсатты деңгейінен жоғары қалып отыр. Сонымен қатар өнеркәсіптік өндірістің қысқаруы аясында Германияда энергия мен көтерме бағалардың өсуі ақша-кредит саясатының одан әрі қатаюы тәуекелін сақтап отыр.

Азия. Жапония технологиялық сектордағы түзету, мұнай бағасының қымбаттауы және иенаның әлсіреуі салдарынан ең әлсіз нарықтардың біріне айналды. Қытайда ЖІӨ екінші тоқсанда жылдық мәнде 4,3%-ға өсті. Экспорт 27%-ға, өнеркәсіптік өндіріс 5,3%-ға ұлғайды. Алайда негізгі капиталға және жылжымайтын мүлік секторына инвестициялар әлсіз күйінде қалып, кредитке деген сұраныс баяулады.

Дамушы нарықтар. MSCI Emerging Markets индексі 0,70%-ға төмендеді. Мұнай бағасының өсуі мен кредиттік спредтердің кеңеюі энергия импорттаушы және сыртқы қаржыландыруға тәуелді елдер үшін жағдайды қиындатты. Бұл ретте Азия мен Латын Америкасының кейбір нарықтарында шикізат бағасының қолайлы серпіні мен ішкі факторлардың ықпалының арқасында тұрақтылық сақталды.

Аптаны бақылау: қос тапшылық аясында пайда өседі

Есептілік маусымының басталуы екінші тоқсандағы пайда өсімінің негізгі көздері екі тапшылық факторымен байланысты болғанын көрсетті: Таяу Шығыстан мұнай жеткізудің шектелуі және жасанды интеллект саласына қажетті жабдықтардың жеткіліксіздігі. Сарапшылардың бағалауынша, S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың жиынтық пайдасы жылдық мәнде шамамен 23-25%-ға артуы мүмкін. Егер бұл болжам расталса, индекстегі пайда өсімі қатарынан екінші тоқсан 20%-дан жоғары деңгейде тіркеледі.

Ең жоғары өсім энергетика секторында күтілуде – мұнай бағасының жоғары болуы аясында пайда жылдық мәнде 120%-ға артуы ықтимал. Алайда негізгі үлесті бұрынғысынша технологиялық сектор қосады: бір акцияға шаққандағы пайда шамамен 61-63%-ға өсіп, S&P 500 индексі бойынша жалпы өсімінің жартысынан астамын қамтамасыз етуі мүмкін. Технологиялық сектор ішінде өсімнің негізгі драйвері ірі бұлтты платформалардан жартылай өткізгіштер мен жады чиптерін өндірушілерге ауысуда. ЖИ инфрақұрылымына жоғары сұраныс бұл компанияларға өнім бағасын арттырып, пайда маржасын кеңейтуге мүмкіндік беріп отыр.

Мұндай өсімнің тұрақты түрде сақталуы екіталай. Энергетикалық импульс жеткізілімдердің қалыпқа келуі аясында әлсіреуі мүмкін, ал ЖИ экожүйесіндегі одан әрі өсім бұлтты компаниялардың инвестициялардың нақты коммерциялық қайтарымын көрсете алу қабілетіне байланысты болады. 2026 жылы ЖИ саласына күрделі шығыс шамамен 75%-ға өсіп, 700-800 млрд долларға жетуі мүмкін. Алайда өсу қарқынының 2027 жылы шамамен 25%-ға, ал 2028 жылы 6%-ға дейін баяулауы күтіледі. Сондықтан нарық тек инвестиция көлемін ғана емес, олардың нәтижесінде қалыптасатын түсімнің, маржаның және ақша ағындарының өсуін де бағалайды.

Нарық ішіндегі ротация. Жартылай өткізгіштер секторындағы қарқынды өсімнен кейін капиталды бағдарламалық қамтамасыз етуге, бұлтты сервистерге, қаржы секторына, денсаулық сақтау саласына, тұтыну тауарларына және жылжымайтын мүлікке қайта бөлу үрдісі байқалуда. Жартылай өткізгіштер индексі маусым айындағы шарықтау шегінен шамамен 20%-ға төмендеді, дегенмен жыл басынан бері айтарлықтай өсім аймағында қалып отыр. Сондықтан қазіргі түзету инвестициялық циклдің аяқталуынан гөрі бағалаулардың қалыпқа келуіне көбірек ұқсайды.

Есептілік арқылы ЖИ-тезисті тексеру. Негізгі назар күрделі шығыс жоспарларына, чиптер мен жадыға деген сұраныс динамикасына, деректерді өңдеу орталықтарының жүктелу деңгейіне және ірі технологиялық платформалардың ЖИ-ді монетизациялау қабілетіне аударылады. Технологиялық сектордың пайда өсіміндегі үлесінің жоғары болуы жекелеген ірі компаниялардың нәтижелері бойынша көңіл толмаушылықтың бүкіл нарықтық индекстерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

ФРЖ және облигациялар. Инфляцияның біршама баяулауы мөлшерлемелердің одан әрі жедел өсу ықтималдығын төмендетті. Дегенмен мұнай бағасының қымбаттауы мен еңбек нарығының тұрақтылығы ақша-кредит саясатын қатаңдату қаупін толық жоймайды. Негізгі сценарий жыл соңына дейін мөлшерлемелердің ағымдағы деңгейде сақталуын көздейді. Облигация нарығында қысқамерзімді сапалы шығарылымдар қолма-қол қаражатпен салыстырғанда тартымды кірістілігін сақтап отыр, ал кірістілік қисығының ұзақмерзімді бөлігі инфляциялық және бюджеттік тәуекелдерге сезімтал болып қала береді.

Өртаптапандыру. Америкалық ірі компанияларға деген қызығушылық сақталғанымен, орташа компаниялардың, өнеркәсіп секторының және кейбір дамушы нарықтардың рөлінің артуы мүмкін. Алайда көшбасшылықтың кеңеюі экономикалық өсімнің тұрақтылығына және мұнай бағасының күрт көтерілуіне байланысты болады.

Alphabet, Tesla, GE Vernova, AT&T, Intel және RTX есептері, сондай-ақ жаңа үйлерді сату және еңбек нарығы бойынша деректер басты назарда болады. АҚШ-тан тысқары Оңтүстік Кореяның екінші тоқсандағы ЖІӨ және Жапониядағы маусым айындағы инфляция негізгі оқиғалар болмақ. Нарықтар үшін ЖИ-ға сұраныс, күрделі шығыс, тұтынушының жағдайы және айтарлықтай жоғары мұнай бағасының шығынға әсері туралы компаниялардың пікірлері өте маңызды болады.

Қорытындылау

Апта ішінде технологиялық секторда түзету байқалды, мұнай бағасы өсті, ал инфляция бойынша деректер күтілгеннен біршама төмен болды. Бұл факторлар нарыққа әртүрлі бағытта әсер етті: инфляцияның баяулауы ФРЖ мөлшерлемесінің жедел көтерілу ықтималдығын төмендетсе, геосаясат пен мұнай бағасының қымбаттауы ұзақмерзімді облигациялардың кірістілігіне қысымды күшейтіп, нарықтағы құбылмалылықтың жоғары деңгейде қалуына әсер етті.

Шілде айының екінші жартысында инвесторлардың негізгі назары компаниялардың қаржылық есептілік маусымына ауысады. Компаниялар табысының жалпы өсімі әлі де жоғары болғанымен, оның негізгі үлесі энергетика мен жартылай өткізгіштер секторларына тиесілі. Нарықтағы өсімнің жалғасуы үшін ЖИ-ге салынған инвестициялардың тұрақты кіріс пен ақша ағынын қалыптастыратынын растайтын нәтиже қажет. Сонымен қатар капиталдың басқа секторларға қайта бөлінуі компаниялардың анағұрлым кең ауқымын қолдап, нарық өсімінің негізін кеңейте алады.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты көпілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.